

АНЫҚТАМА

Ақмола облысы білім басқармасы Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің «Буланды ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы 2025 жылғы 04 шілдедегі қорытындыға сәйкес, мектеп әкімшілігі 2025 жылғы 01 шілде мен 04 шілде аралығында өткен мемлекеттік аттестаттау кезінде аттестаттау комиссиясы анықтаған заң бұзушылықтар мен ескертулерді жою жоспарын бекіту бойынша талдау жұмыстарын жүргізді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны

Оқу нәтижесіне бағытталған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны: оқу жұмысы жоспарларының және ұйымдастырылған іс-әрекеттің МЖМБС талаптарына (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, «Әділет» жүйесінде № 29031 болып тіркелген) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы, «Әділет» жүйесінде № 8275 болып тіркелген) сәйкестігі.

Орындалды:

- 2024-2025 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының жұмыс оқу жоспарына өзгерістер енгізілді. (1-қосымша)
- 2022-2023 оқу жылындағы сабақ кестесі, 2022-2023 оқу жылындағы ЖОЖ-ға түсіндірме жазба ұсынылды (2,3-қосымша)
- 2024-2025 оқу жылына арналған циклограмма мен перспективалық жоспар қоса беріледі (күн тәртібіне, 2025 жылғы 16 қаңтардағы өзгерістері бар №557 бұйрыққа сәйкес келеді) (4-қосымша)
- Мектепке дейінгі ұйым педагогтары мен ата-аналармен сауалнама жүргізілді, сауалнама талдауы қоса беріледі. (5,6-қосымша)
- Мектепке дейінгі ұйымның заңды өкілдермен өзара іс-қимылы мәселесі бойынша «Буланды ауылының ЖББМ» КММ білім беру қызметтерін көрсету шарты қоса беріледі (7-қосымша)
- Мектепалды сыныбында 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында оқу бағдарламасының мазмұнын игеру кезеңі іске асырылды.
- Бағдарламадан өткен тәрбиеленушілерді шығару 2025 жылғы 31 мамырда жүзеге асырылды, оқуды аяқтау туралы бұйрықта қате кеткен. Бұйрық қоса беріледі. (8-қосымша)
- 2024-2025 оқу жылындағы мектепалды даярлық сыныбы тәрбиеленушілерінің ағымдағы медициналық бақылауы туралы ақпарат және медициналық қызмет көрсету туралы келісім ұсынылды. (9 және 9.1-қосымша)
- 2022-2023 оқу жылындағы тәрбиеленушілердің жеке даму карталары ұсынылды (10-қосымша)
- Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілерін оқыту бойынша білім беру қызметтерін көрсету шартында ата-аналардың төлемі қарастырылмаған.
- Мектепте жеке мектепке дейінгі ұйым болмағандықтан, мектепалды сыныбы мектеп жанында орналасқан, сондықтан мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмаған балалар мен ата-аналар үшін кеңес беру пункттері құрылмаған.

